

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН  
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ  
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ  
ТОВАРОВ И УСЛУГ МИНИСТЕРСТВА  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР  
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ  
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН  
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА  
И БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ  
АҚМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
АҚМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

*12.04.2020 №*

Кокшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ *д/7*

город Кокшетау

### **Ақмола облысының аумағында карантин режимінде қосымша шаралар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығына, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-1-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және 150-бабына, «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешіміне, «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 32-ПГВр қаулысына (бұдан әрі – ҚР БМСДҚ № 32-ПГВр) сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

**1. Ақмола облысының аумағында 2020 жылғы 13 сәуірі сағат 21:00-ден 2020 жылғы 25 сәуірге дейін шаруашылық және (немесе) өзге де қызмет пен халықтың өмір сүруінің ерекше жағдайлары бар қосымша шектеу шаралары енгізілсін:**

1) отбасы мүшелерінен басқа, бір ретте кемінде 2 ересек жолаушыны отырғызумен ресми тіркелген такси қызметтерін қоспағанда, автокөлік және қоғамдық көлікпен жолаушыларды тасымалдау барлық түрлерінің жұмысын тоқтата тұру;

2) Ақмола облысы бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) барлық шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету.

**2. Мына жағдайларды қоспағанда, карантин аумағына/аумағынан және елді мекендер арасына кіруге және шығуға тыйым салу:**

1) Ақмола облысының санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары қызметтік куәлігін немесе Ақмола облысы тауарлар мен қызметтердің

сапасын бақылау департаменті (бұдан әрі – Департамент) басшысының және Департаменттің аумақтық басқармаларының басшыларының қолымен және мөрімен расталған анықтамаларды ұсыну бойынша;

2) жұмыс орнынан басшының қолымен және мөрімен расталған анықтама болған жағдайда пациенттері бар мемлекеттік медициналық мекемелердің медицина қызметкерлері;

3) құқықтық қорғау, арнаулы органдардың қызметкерлері мен сот жүйесінің қызметкерлері;

4) өңірлік жедел штаб (бұдан әрі – ӨЖШ) бекіткен тізімге сәйкес жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) өкілдері;

5) халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету ұйымдарының қызметкерлері, оның ішінде мамандандырылған инкассаторлық автокөлік, «Қазпошта» АҚ автокөліктері (богде адамдарсыз);

6) «Сергек» деректер базасына сәйкес, транзиттік жүк автокөлігі, азық-түлік өнімдері, дәрі-дәрмектер және медициналық бұйымдар, жеке қорғау және гигиена құралдары, ауыл шаруашылығы өнімдері, ауыл шаруашылығы техникасы, құрылыс және басқа да материалдары бар мамандандырылған және жүк автокөлігі (жүргізуші және кемінде екі жолаушы);

7) ҚР БМСДҚ № 32-ІІІ Вр көрсетілген медициналық көрсеткіштер бойынша кіретін және шығатын адамдар.

### **3. Ақмола облысының тұрғындарына:**

1) Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешімі мен Жарлыққа сәйкес төтенше жағдай режимін сақтау;

2) 65 жастан асқан адамдарға үйде оқшаулау режимін сақтау, үйден шықпау;

3) мына жағдайларды қоспағанда, тұрғылықты жерінен сағат 07.00-ден 21.00-ге дейін шықпау:

- азық-түлік, бірінші кезектегі қажетті заттарды, дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сатып алу;

- ӨЖШ бекіткен тізімге сәйкес, жұмысқа шығу;

- медициналық көмекке жүгіну;

- үй жануарларын (иттерді, мысықтарды) 500 метрден аспайтын радиуста және ұзақтығы 30 минуттан аспайтын серуендетуді жүзеге асыру;

4) мына жағдайларды қоспағанда, тұрғылықты жерінен сағат 21:00-ден сағат 7:00-ге дейін шықпау:

- дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сатып алу;

- шұғыл медициналық көмек алу қажеттілігі;

- түнгі уақытта тіршілікті қамтамасыз ету ұйымдарына жұмысқа шығу;

5) респираторлық инфекцияның алғашқы белгілері (тұмау, түшкіру, температура) пайда болған кезде жедел медициналық көмекті 103 нөмірі бойынша шақыру арқылы медициналық ұйымдарға бармай, үйде дереу медициналық көмекке жүгіну.

**4. Лудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері қамтамасыз етсін:**

1) ОЖШ барлық шешімдерінің, Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларының орындалуын, эпидемияға қарсы шаралардың сақталуын бақылау және үйлестіру;

2) мына жағдайларды қоспағанда, 2020 жылғы 13 сәуірден 2020 жылғы 25 сәуірге дейінгі кезеңде меншік нысанына қарамастан, Ақмола облысының қалалары мен аудандарының барлық кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметін тоқтату:

- әкімдіктер;
- орталық атқарушы органдардың мемлекеттік ұйымдары;
- құқық қорғау органдары;
- денсаулық сақтау ұйымдары;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- азық-түлік сататын сауда объектілері;
- сатып алушыларға тағам өнімдерін, көтерме сауда жасаумен жүзеге асыратын азық-түлік базарлары, сондай-ақ онлайн тапсырысты қабылдау және тауарларды курьерлермен жеткізу;
- өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоғамдық тамақтану объектілері;
- дәрiхана;
- тіршілікті қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілер;
- шарт негізінде өңірдің тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға қызмет көрсететін автожуу, дөңгелек жөндеу шеберханалары және ТҚС;
- сондай-ақ, ОЖШ бекіткен ұйымдардың тізбесі.

3) денсаулыққа жалпы проблемалары немесе созылмалы аурулары бар, әсіресе 55 жастан асқан тәуекел тобына кіретін адамдардың жұмысқа шығуын шектеу;

4) ҚР БМСДҚ № 32-ПГВр сәйкес, блок-бекеттердің үздіксіз жұмысын ұйымдастыру;

5) қаланың шектеу іс-шаралары бойынша тартылған барлық қызметтердің шектеу іс-шараларын жүргізу кезіндегі биологиялық қауіпсіздік режимі, оларды жеке қорғау құралдарымен, қажетті жабдықталым және блок-бекеттердегі жеке гигиена жағдайларымен жабдықтау;

6) қалалар мен аудандардың көшелері мен жаяу жолдарын жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып тазарту;

7) ҚР БМСДҚ № 32-ПГВр 8-қосымшасында көрсетілген, COVID-19 қайтыс болған адамдардың мәйіттерін жерлеу алгоритміне сәйкес COVID-19 қайтыс болған жағдайда адамдарды көмудің қауіпсіз режимін қамтамасыз ету;

8) ПИК-пен:

- кіреберістерде, лифттерде, паркингтерде аптасына кемінде 2 рет алдын алу дезинфекциялау және ылғалды жинауды;
- жеке және заңды тұлғалар үшін енгізілген шектеулер туралы жадынама тақталарында және шолу үшін қолжетімді басқа жерлерде орналастыруды жүргізу.

**5. Қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсету саласындағы кәсіпкерлік субъектілері (объектілері)** (мейрамханалар, дәмханалар, барлар, асханалар, аспазхана, кофеханалар, лобби-барлар, лаундж-барлар, тез тамақтану пункттері, донерлік, дәмхана, көше дүңгіршектері және басқалар), ҚР БМСДҚ № 32-ПГВр 7-қосымшасына сәйкес тамақты жеткізуді жүзеге асыратын қоғамдық

тамақтандыру ұйымдарына арналған уақытша ережелерді сақтай отырып қызметін тек онлайн тапсырысты қабылдау және тамақты жеткізу бойынша (жұмыс режимі сағат 20:00-ге дейін) жүзеге асыру.

**6. Азық-түлік сататын сауда объектілері (субъектілері)** ҚР БМСДҚ № 32-ПГВр 15-қосымшасына сәйкес, сауда объектілерінде санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау алгоритмінің талаптарын сақтау (жұмыс режимі 08:00-ден 20:00-ге дейін).

**7. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың субъектілері (объектілері)** ҚР БМСДҚ № 32-ПГВр 17-қосымшасына сәйкес, өндірістік кәсіпорындар мен өндірістік объектілердегі, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтіндердің санитариялық-дезинфекциялық іс-шаралар алгоритмінің талаптарын сақтау.

**8. Туристік объектілердің басшылары,** осы қаулының 1-қосымшасында көрсетілген талаптардың (іс-шаралардың) тізбесін орындау қажет.

**9. Барлық меншік нысанындағы ұйымдардың басшыларына:**

1) өңірдің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етпейтін, 2020 жылғы 13 сәуірден бастап 2020 жылғы 25 сәуірге дейін қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыс орындарының сақталуын қамтамасыз ете отырып және ақы төленетін демалыс бере отырып, қызметкерлерді қашықтықтан жұмысқа ауыстыруды қамтамасыз ету;

2) осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген талаптардың (іс-шаралардың) тізбесін орындау.

**10. Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы қамтамасыз етсін:**

1) ҚР БМСДҚ № 32-ПГВр туындайтын талаптарды орындау;

2) күн сайын деректерді Департаментке бере отырып, аумақтарға/аумақтан кіретін және шығатын адамдарға блок-бекеттерде түйіспесіз термометрия және сауалнама жүргізу;

3) 65 және одан жоғары жастағы адамдарға, ауру бойынша мүгедектерге және 5 жасқа дейінгі балаларға тегін дәрі-дәрмектерді үйге жеткізуді қамтамасыз ету;

4) тұрғындар арасында коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту;

5) комиссияға жедел және жиынтық ақпаратты (тегі бойынша тізімдерді, байланыстар туралы деректерді) жинау және ұсыну.

**11. Департаменттің қалалық және аудандық басқармаларының басшыларына:**

1) COVID-19 науқастарымен бірінші (жақын) және екінші (жұмыс, оқу орны бойынша) адамның байланыс дәрежесін анықтау;

2) COVID-19 науқастарының ошақтарында эпидемияға қарсы (алдын алу) іс-шаралар жүргізу;

3) тиісті аумақтың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешіміне, Жарлыққа, ҚР БМСДҚ № 32-ПГВр және осы қаулыға сәйкес, төтенше жағдай режимі талаптарының сақталуын қамтамасыз етпейтін объектілердің қызметін тоқтата тұру туралы шешімдердің уақтылы қабылдануын қамтамасыз ету;

4) коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары туралы халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту.

**12. Ақмола облысы білім басқармасының басшысы қамтамасыз етсін:**

1) штаттық режимінде жұмыс істейтін ЖАО айқындаған білім объектілерінен басқа, білім беру ұйымдарын қашықтықтан оқытуға ауыстыру (техникалық мүмкіндік болған жағдайда барынша ауыстыруды қамтамасыз ету);

2) ҚР БМСДҚ № 32-ПГВр туындайтын талаптарды орындау;

3) коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары туралы халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту.

**13. Барлық меншік нысанындағы медициналық ұйымдардың басшылары** осы қаулының 3-қосымшасында көрсетілген талаптардың (іс-шаралардың) тізбесін және ҚР БМСДҚ № 32-ПГВр орындау қажет.

**14. Ақмола облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы** ҚР БМСДҚ № 32-ПГВр 18-қосымшасына сәйкес, медициналық-әлеуметтік объектілерде (қарттар, мүгедектер, балалар үйлері және басқалар) санитариялық-дезинфекциялық режимді күшейту бойынша алгоритм талаптарының сақталуын қамтамасыз етсін.

**15. Ақмола облысы полиция департаментінің бастығы қамтамасыз етсін:**

1) осы қаулыда көрсетілген азаматтардың шектеу шараларын сақтауын бақылау;

2) COVID-19 ошақтары бар қала аумақтары мен тұрғын үй массивтері учаскелерінің сегменттерін күзету (бұғаттау);

3) эпидемиологтың ұсынысы бойынша COVID-19 науқастарымен байланыста болған және шет елдерден келген адамдарды іздеу;

4) респираторлық инфекциялардың клиникалық белгілері бар адамдар анықталған кезде қаланың (ауданның) санитариялық-эпидемиологиялық қызметін тәулік бойы телефон арқылы хабардар ету;

5) Ақмола облысының аумағына және елді мекендердің жаяу жүргіншілермен және көлік құралдарымен заңсыз кіру фактілерінің жолын кесу;

6) жоғарыда көрсетілген талаптарды бұзу не орындамау анықталған кезде өз құзыреті және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде дереу шаралар қабылдау;

7) қауесеттердің және шындыққа сай келмейтін ақпараттың жолын кесу жөніндегі жұмысты ерекше бақылауға алу, фактілер анықталған жағдайда, кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тарту жөнінде дереу шаралар қолдау.

**16. Ақмола облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті** ҚР БМСДҚ №32-БДҚ 16-қосымшасында сәйкес, пенитенциарлық (қылмыстық-атқару) жүйесі мекемелерінде санитариялық-дезинфекциялық режимінің алгоритмін сақтауды қамтамасыз етсін.

**17. Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы қамтамасыз етсін:**

1) 2 күн ішінде БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы халықты жаппай хабардар ету;

2) халыққа қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы жаднамалар, оның ішінде шұғыл және авариялық қызметтердің барлық қажетті байланыстарын

көрсете отырып, төтенше жағдай кезеңінде көшелерде қауіпсіздік шараларын, жүріс-тұрыс ережелерін сақтау туралы Азаматтарға арналған нұсқаулықтар әзірлеу;

3) облыс тұрғындары арасында жұқтыру ошақтарын оқшаулау және оның таралу қаупін азайту бойынша қабылданатын шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық сүйемелдеу жүргізу.

**18. «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМҚ Ақмола облысы бойынша филиалы қамтамасыз етсін:**

1) COVID-19-да науқастар мен байланыста болған адамдарды, сондай-ақ Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері айқындайтын өзге де тұлғаларды зертханалық тексеру;

2) COVID-19 күдікті науқасты тіркеген жағдайда, COVID-19 ауыратын науқастардан материалды алу және тасымалдау, COVID-19 күдікті науқастардың ошақтарында дезинфекциялық іс-шараларды жүргізу кезінде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде көзделген тәртіпті сақтау;

3) Департаментке ақпарат бере отырып, COVID-19 (2 сағаттан кешіктірмей) іріктеу жүргізген медициналық ұйымдарға зертханалық нәтижелерді уақтылы беру;

4) ҚР БМСДҚ № 32-ПГВр туындайтын талаптарды орындау.

**19. «Ақмола облысының аумағында карантин режимінде қосымша және шектеу шараларын енгізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 22 қаулысы және «Ақмола облысының аумағында карантин режимінде қосымша және шектеу шараларын енгізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 22 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 23 қаулысының күші жойылды деп танылсын.**

**20. Жағдай өзгерген кезде қосымша шектеулер енгізу және бұрын енгізілген шектеулерді алып тастау мүмкін.**

**21. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.**

**22. Осы қаулы 2020 жылғы 13 сәуірі сағат 21:00-ден бастап күшіне енеді.**

**Ақмола облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**А. Мусина**

### Туристтік объектілердің басшыларына арналған талантар (іс-шаралар) тізбесі

1. Қазақстан Республикасына шетелден келген адамдарды қабылдауға және орналастыруға тыйым салу.
2. Бұқаралық іс-шараларды (мерекелік, спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды, конференциялар, семинарлар, көрмелер және т.б. өткізуге) өткізуге тыйым салу.
3. Олардың аумағында орналасқан кинотеатрларды, түнгі клубтарды, фитнесстерді, жаттығу залдарын (орталықтарын), бассейндерді, балалардың ойын алаңдарын, оның ішінде ойын-сауық орталықтарын, спорт кешендерін, қоғамдық тамақтану объектілерінде кальяндарды, бассейндер мен сауналарды пайдалануды тоқтатуды қамтамасыз ету.
4. Объектіге кіру кезінде клиенттердің, қызметкерлер мен келушілердің термометриясын жүргізуді қамтамасыз ету.
5. Жедел медициналық көмек автокөлігі келгенге дейін, вирусты инфекция құбылыстары бар адамдарды уақытына окшаулау үшін оқшаулағышты көздеу.
6. Нөмерге жеткізу арқылы клиенттерді тамақтандыру тек сағат 20:00-ге дейін жүзеге асыру.
7. Клиенттерді бір рет қолданылатын бетперделермен қамтамасыз ету (әр 3 сағат сайын кемінде 1 рет бетперделерді ауыстыру).
8. Қызметкерлерді жұмыс кезінде бір рет қолданылатын бетперделерді пайдалануын қамтамасыз ету (әр 3 сағат сайын кемінде 1 рет бетперделерді ауыстыру).
9. Дезинфекциялық оңдеуге күніне кемінде 2 рет, ұзақтығы 30 минут үзіліс ұйымдастыру (жұмыс кестесінде міндетті түрде көрсете отырып) ұйымдастыру.
10. Күшейтілген дезинфекциялық режимді енгізу: әрбір 3 сағат сайын арнайы дезинфекциялық құралдармен үстелдерді, орындықтарды, тұтқаларды, баспадақтарды, есіктерді, едендерді, келушілердің қолымен жанасуды болдырмайтын басқа да беттерді өңдеу (көрінегін жерде міндетті түрде кестемен бірге);
11. Медициналық мекемелерде міндетті түрде тексеру жүргізе отырып, жіті респираторлық жұқпалар (жоғары температура, жөтел, тұмау) белгілерімен қызметкерлерді жұмыстан шеттету;
12. жіті респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, тұмау) бар клиенттер анықталған жағдайда жедел медициналық жәрдем автокөлігі келгенше оқшаулауды қамтамасыз ету.
13. Антисептикалық заттарды пайдалана отырып, келушілердің қолын оңдеуге арналған кіру және шығу жолларында санитайзерлер орнату;
14. Объектілерді үнемі желдетуді жүргізу, бар болған жағдайда ағынды-сорғылы қоңдырғыларын дезинфекциялау, ауаны сырттан алу жолымен үй-жайлардың сүзуді және желдетуді ұлғайту;
15. Объектіге іргелес жатқан аумақты тәулігіне кемінде 1 рет дезинфекциялау құралдарымен өңдеу;
16. Ғимаратқа кіре берісте (кілемшелер) дезинфекциялық тосқауылдарды орнатуға, оны дезинфекциялау құралдарымен суландыру әдісімен тұрақты сулау;
17. Штатта оқытылған дезинфекциялық нұсқаушы-маманды көздеу;
18. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын қамтамасыз ететін жауапты қызметкерлерді басшының бұйрығымен бекіту.

**Барлық меншік нысанындағы ұйымдардың басшыларына арналған  
талаптар (іс-шаралар) тізбесі**

1. Жұмыс орындарын сақтауды қамтамасыз ете отырып және ақы төленетін демалыс бере отырып, қызметкерлерді қашықтықтан жұмысқа ауыстыру туралы мәселені қарастыру.
2. COVID-19 байланыс жасау жағдайы бойынша өзін-өзі оқшаулауда болған кезеңде жұмыс орындарын сақтауды және ауруханалық парактарды төлеуді қамтамасыз ету.
3. Банкоматтардың, төлем терминалдарының, POS-терминалдардың жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып өңдеу жүргізу.
4. Осындай шараларды қабылдай отырып, өз қызметкерлері мен клиенттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету:
  - қызметкерлерге қолғаптар мен бір рет қолданылатын бетперделерді тарату.
  - үй-жайды күніне кемінде 2 рет ылғалды жинау және дезинфекциялау.
  - антисептикалық заттарды пайдалана отырып, қолды өңдеуге арналған ұйымның (немесе сыйымдылықтардың, мөлшерлегіштердің) кіретін және шығатын орындарында санитайзерлерді орнату.
  - объектіге кіреберісте дезинфекциялық тосқауылдарды (кілемшелерді) орнату, дезинфекциялық құралдармен суландыру әдісімен тұрақты суландыру.
5. Объектілерге тек бетперде киген келушілерге кіруге рұқсат ету.
6. Бір-бірінен кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, кезектер бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру.
7. «Жол таңбасын» – клиенттер үшін қозғалыс жолақтарын және 2 метрден кейін қашықтық сызықтарын орналастыруды ұсыну.
8. Тұрғындар арасында коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту.



**Барлық меншік нысанындағы медициналық ұйымдардың басшылары үшін  
тадінтардың (іс-шаралардың) тізбесі**

1. Бекітілген халықтың БМСК баруын барынша шектеу (науқастарды диспансерлеуді, алдын алу тексерулер мен иммундауды жүргізуді, флюорографиялық тексерулер жүргізуді, денсаулық мектептерін жүргізуді және босануға дайындауды, скринингтік тексерулер жүргізуді тоқтату).
2. ЖРВИ және тұмау белгілері кезінде жүкті әйелдер мен балаларды бірінші кезекте және күнделікті бақылауды қамтамасыз ету.
3. ЖРВИ мен тұмауға, өкпе қабынуына күдікті барлық адамдарды COVID-19 зертханалық тексеруді қамтамасыз ету.
4. Шектеу іс-шаралары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізу.
5. Медициналық ұйымдарда сүзгіштер мен оқшаулағыштардың жұмысын қатаң бақылауға алу.
6. COVID-19 күдік болған жағдайда әрекет ету жоспарын іске қосу, іс-әрекеттері COVID-19 күдік бар науқастарды тексерумен, тасымалдаумен, ошақтағы жұмыспен, емдеуге жатқызумен, емдеумен және қызмет көрсетумен байланысты медицина қызметкерлері мен қызметкерлердің жоғары дәрежелі қорғаныш бетперделерін немесе респираторларды пайдалануын қамтамасыз ету.
7. Тамақ өнімдеріне арналған айналым ыдыстарын дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып өңдеуді қарастыру.
8. Тұрғынхана арасында коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту.
9. Тегі бойынша тізімдерді, байланыс болғандардың деректерді, Денсаулық сақтау басқармасына, Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау аумақтық басқармаларына жинау және ұсыну.